



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады



ты. Сонымен қатар әуежайларда қызмет көрсетілген жүктердің көлемі де артты. Жыл басынан бері бұл көрсеткіш 130 мың тоннаны құрады. Өткен жылмен салыстырғанда өсім – 16%. Әуе тасымалдарына өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандыру үшін әуежайлардың инфрақұрылымын жаңғырту жұмыстары жалғасуда. Келесі жылы Шымкент, Қызылорда және Алматыда

Биыл отандық әуе компаниялары 12,3 млн жолаушы тасымалдаған

Көлік министрі Марат Қарабаев биылғы 11 айда отандық әуе компаниялары 12,3 млн жолаушы тасымалдаған, бұл өткен жылмен салыстырғанда 23%-ға артық екенін айтты.

Жыл аяғына дейін бұл көрсеткішті 13 млн жолаушыға жеткізу жоспарланып отыр. Әуежайларда қызмет көрсету көлемі 25%-ға арт-

жаңа жолаушылар терминалдарының құрылысы аяқталады. Нәтижесінде Алматы әуежайының өткізу қабілеті 5 есеге артып, 14 млн адамға дейін қамтыса, Қызылордада 6 есеге артып, 2 млн адамға дейін, Шымкентте 7 есеге ұлғайып, 6 млн адамға дейін қызмет көрсетілмек.

Президент БАӘ-нің Қазақстандағы елшісін қабылдады



Мемлекет басшысы БАӘ-нің Қазақстандағы елшісі Мұхаммед Саид Мұхаммед әл-Арикиді қабылдады. Кездесуде бұған дейін жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы сауда-экономика саласы екіжақты байланыстардың басты ба-

ғыты саналатынын айтты. Бұл ретте екі елдің үкіметтеріне таяу келешекте сауда-саттық көлемін 1 миллиард долларға дейін жеткізу міндеті жүктелгенін еске салды.


Президент Стратегиялық инвестициялық жобалар туралы бірлескен мәлімдемеге сәйкес энергетика, ауыл шаруашылығы, көлік, логистика

салаларындағы қарым-қатынасты одан әрі нығайтудың маңыздылығына назар аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Әмірліктердің Masdar компаниясымен жаңартылатын энергия көздері саласындағы бірлескен жобаларды ілгерілету бойынша ынтымақтастықтың қарқынды дамып келе жатқанын, сондай-ақ AD Ports Group және Terminals Holding компанияларымен бірлесіп көлік-логистика желісі мен әуе тасымалы қызметтерін кеңейтуді көздейтін инвестициялық жобалардың жүзеге асырыла бастағанын атап өтті.

Әңгімелесу барысында ақпараттық технологияларды дамыту бағытындағы ықпалдастық мәселесіне айрықша мән берілді.

Президент Қазақстан мен Әмірліктер арасындағы достық пен ынтымақтастық нығайтуға зор еңбек сіңіргені үшін Мұхаммед Саид Мұхаммед әл-Арикиді II дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.



“Сергектен” сақ болыңыз: енді телефонмен сөйлескеніңіз де камераға түседі

Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті “Сергек” камералары тағы қандай заңбұзушылықтарды тіркейтінін мәлімдеді.

Ведомствоның төрағасы Қайсар Сұлтанбаевтың сөзіне қарағанда, Алматы мен Астанада құқық бұзушылықтың жаңа түрлері бойынша пилоттық жоба қазірдің өзінде іске қосылған.

«Біз қазірдің өзінде пилоттық жобаны қолданып жатырмыз. Пилоттық режимде

кейбір қалаларда, Алматы мен Астанада осындай жұмыстарды жүргізіп жатырмыз. Пилоттық жобаны аяқтағаннан кейін бұл мәселені шешуге тырысамыз. Соның ішінде ұялы телефон, қауіпсіздік белдіктерін пайдалану бар. Біз мұндай заңбұзушылықтарды алдағы уақытта “Сергек” арқылы анықтаймыз», - деді Сұлтанбаев ОКҚ брифингінде.

«Созақ үні»-ақпарат.

ҰҚШҰ: Қазақстанның төрағалығымен нормативтік база нығаймақ

Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов бастаған Парламент делегациясы Мәскеуде Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы Парламенттік Ассамблеясы кеңесінің кезекті отырысы мен жалпы отырысына қатысты. Ерлан Қошанов Қазақстанның 2024 жылы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарты ұйымында төрағалығы кезеңіндегі басымдықтары жайлы айтты.

«Өздеріңізге белгілі, 2024 жылдың 1 қаңтарында Қазақстан Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарты ұйымына төрағалықты қабылдайды. Минскіде өткен Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің қарашадағы сессиясында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан төрағалығының басым бағыттарын атап өтті», деді Мәжіліс спикері.

Басымдықтардың қатарында ҰҚШҰ-ның мүдделі елдермен және қауіпсіздік саласында жұмыс істейтін халықаралық құрылымдармен, соның ішінде БҰҰ, ТМД және Шанхай ынтымақтастық ұйымымен серіктестікті тереңдету мәселелері бар. Әскери кадрларды даярлау жүйесін, Ұйымның әскери-ғылыми және бітімгершілік әлеуетін дамыту бөлігінде нормативтік-құқықтық базаны жетілдірудің маңызы зор.

Сондай-ақ қару-жарақтың, оқ-дәрілердің, есірткінің заңсыз айналымына қарсы бірлескен жұмысты күшейту жоспарланып отыр. ҰҚШҰ жауапкершілігі аймағындағы төтенше жағдайлардың, киберқылмыстың алдын алу және олардың салдарын жою жөніндегі



практикалық ынтымақтастықты дамытуға ерекше назар аударылады.

Ерлан Қошанов ҰҚШҰ Парламенттік Ассамблеясының ұйымға мүше мемлекеттердің мүдделерін ескере отырып, ұлттық заңнамасын дамыту мен үйлестіруге қосқан үлесін атап өтті. Сондай-ақ Мәжіліс төрағасы қатысушы елдердің парламенттері арасындағы тиімді ынтымақтастықтың айқын мысалы ретінде Парламенттік Ассамблеяның тұрақты комиссияларының қызметіне тоқталды.

Е.Қошанов Қазақстанның төрағалығы кезеңінде бірлескен күш-жігермен және ҰҚШҰ мен оның Парламенттік Ассамблеясының жұмыс органдарының сараптамалық қолдауының арқасында ұжымдық қауіпсіздік жүйесін нығайту ісінде жемісті жұмыс атқарылатынына сенім білдірді.

ТАҒАЙЫНДАУ



Білімі – жоғары. 2007 жыл М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетін «Қазақ тілі және әдебиеті» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2003 жылы А.Байтұрсынов атындағы орта мектепте үйірме жетекшісі болып бастап, 2005-2008 жылдары Созақ аудандық білім бөлімі әдіскерлік кабинетінің

әдіскері, 2008-2011 жылдары Т.Әлімқұлов атындағы №14 лицей интернатында қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі, А.Байтұрсынов атындағы орта мектепте көркем өнерпаздар үйірмесінің жетекшісі, 2011-2018 жылдары Созақ аудандық ішкі саясат бөлімінің «Жастар орталығы» КММ-нің басшысы, 2018-2021 жылдары Сызған ауылдық округінің әкімі, 2021-2022 жылдары Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Тілдерді оқыту орталығы» МКК директоры, 2022 жылдан бүгінге дейін Таукент кентінің әкімі қызметін атқарған.

Түркістан облысының конкурстық комиссиясының шешімімен және Созақ ауданы әкімінің Әкімімен Маманов Серік Сахихұлы аудан әкімінің орынбасары қызметіне тағайындалды.

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков аудан әкімінің орынбасары Серік Сахихұлы аудан әкімі аппаратының ұжымымен таныстырып, алдағы қызметіне табыс тіледі. Халықтың әл-ауқатын арттырып, аудан келешегін жақсартуға бағытталған жұмыстарды өз дәрежесінде атқаруды тапсырды.

Маманов Серік Сахихұлы 16 мамыр 1982 жылы ОҚО, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылында дүниеге келген.



ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫНА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ ҚАБЫЛДАП, ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков тәуелсіздік күні қарсаңында желтоқсан оқиғасына қатысушыларды қабылдап, құрмет көрсетті.

1986 жылғы желтоқсан оқиғасы тарихымызда өшпес із қалдырды. Желтоқсанның екінімен келген бұл күн - Ата-бабамыздың арманы орындалып, тәуелсіздік жолындағы халқымыздың тарихи еңбегінің символына айналды. Бүгінде тұрақтылықты, татулық пен тыныш-

тықты ту еткен қазақ елін, бүкіл әлем бейбітшіліктің бесігі деп біледі. Ата-бабаларымыздың алдында тәуелсіздік үшін күресу мақсаты тұрған болса, біздің алдымызда оны нығайта түсу міндеті тұр. Осынау мерекеде ұлтымыз бен еліміздің тәуелсіздігі жолында күрескен баршаңыздың отбасыларыңызға амандық, саулық, бақыт пен шаттық тілеймін, - деген аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы

желтоқсан оқиғасына қатысушы азаматтарға арнайы алғыс хат пен, сый-сияпат табыс етіп, құрмет көрсетті. Жиынға қатысушылар еркін тақырыпта пікір алмасты. «Желтоқсан ардагерлері» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Мақсат Қарғабай көрсетілген құрметке алғысын білдіріп, -Тәуелсіздік күні құтты болсын, көк туымыз әрдайым биіктен желбіресін, - деп ізгі тілегін арнады.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігі мәселелері жөніндегі іс-шаралар жоспарына» сәйкес, Созақ ауданы әкімі аппаратының ғимаратында Созақ ауданы әкімдігінің фейсбук парақшасында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша онлайн жәрмеңке өтті.

Жәрмеңкенің мақсаты аудандағы мемлекеттік қызмет көрсету салалары бойынша мемлекеттік



МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР БОЙЫНША ЖӘРМЕҢКЕ ӨТТІ

көрсетілетін қызметтерді алу кезінде халықтың құқықтарын бостандықтары мен заңды мүдделерін сақтауды қамтамасыз ету белгілерінің бірі болып әкімшілік кедергілерді азайту және көрсетілетін қызмет сапасын арттыру. Жәрмеңкеде аудан әкімдігінің эконо-

мика және қаржы бөлімі тарапынан көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру бағытында қызметтерді алудың тиімді жолдары туралы тыңдалып, аудан тұрғындарынан қойылған сауалдарға нақты жауаптар берілді.

БІР ОТБАСЫҒА БАСПАНА КІЛТІН ТАБЫСТАДЫ

Таукент кентінің тұрғыны Құдиярова Айбала апаға ізгі ниетті кент тұрғындары көп қабатты тұрғын үйлердің бірінен 3 бөлмелі пәтердің кілтін табыстап, қуанышқа бөледі.

Шараға аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков арнайы қатысты. Игі іске ұйытқы болған барша азаматтарға жылы лебізін арнап, баспана иесін қоныс тойымен құттықтады.

Айта кетейік, 5 желтоқсан күні Таукент кентінің тұрғыны Құдиярова Айбала апаның шаңырағында таңға жақын уақытта өрт шығып, баспанасы өртке оранды. Өрт салдарынан қаза болғандар мен зардап шеккендер болмады. Өрттің салдарынан барлық бөлмелері жанып кеткен және үйдің шатыры толықтай зақымданды.

Бұл жөнінде игі істің басында



– Бүгін біз мейірімділік пен ізгіліктің куәсі болып отырмыз. Еселі еңбектерімен елдің құрметіне, көптің ықыласына бөлене білген барша азаматтарға шынайы алғысымызды білдіреміз, - деген аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы Айбала апаға сый-сияпат табыс етті. Сондай-ақ осы істің басында болған, кент тұрғыны Гүлбану Жақайқызына тұрғындар атынан алғыс хат табыстап, құрмет көрсетті.

Кент тұрғындары мен шараға жиналған қонақтар ақ дастархан басында бас қосып, арнайы құран бағышталды. Онда ел ағалары мен ардагерлер осындай игі шаралардың өрелі жас ұрпақтың бойына ізгі қасиеттерді сіңіретінін айтып өтті.

жүрген, кент тұрғыны Гүлбану Жақайқызы –Мен Айбала апаның шаңырағы өртке оранғанын 5 желтоқсан күні таңғы уақытта естідім. Содан жақсы іске жанашыр, ақ тілеулі кент тұрғындары апаның шаңырағына түскен ауыртпалықты бірге еңсеруді ұйғардық. Не бәрі 4 күнде 10 млн-ға тарта қаржы жиналды. Оның 4 миллионын «Инкай» БК» ЖШС аударса, қалған қаржыны жанашыр азаматтар жинады. Бүгін міне осы қаржыға көп қабатты тұрғын үйдің бірінен 3 бөлмелі пәтер алып, апаны қуанышқа бөлеп отырмыз. Орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған пәтерде жанға жайдың бәрі бар. Күнделікті қолданысқа қажетті жабдықтарымен қоса алынды, -дейді.

ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ ӨТТІ



Мемлекеттік органдардың ашықтығын көрсету мен халық қажеттіліктерін қанағаттандыру, заң шеңберінде тиісті уәкілетті органдар арқылы мәселелерді шешу және жүгінген азаматтарға құқықтық көмек ұсыну мақсатында «Азаматтарға арналған үкімет» МК КЕ АҚТО бойынша филиалы Созақ ау-

дандық халыққа қызмет көрсету орталығының ғимаратында аудан тұрғындарына мемлекеттік көрсетілетін қызмет саласы бойынша қоғамдық қабылдау өтті.

Аталған шараға Созақ ауданы әкімдігінің мемлекеттік қызмет көрсету саласына жауапты дербес бөлім қызметкерлері қатыстырылды.

Қабылдау барысында аудан тұрғындарының мемлекеттен дипломмен ауылға бағдарламасы аясында көтерме жәрдемақы алу, құрылыс және сәулет құжаттарын дайындау, тұрғын үй алу, жер құжаттарын заңдастыру, ауыл шаруашылық техникаларын алу және әлеуметтік көмектерді алу сияқты өзекті сұрақтарына тиісті сала мамандарымен жауаптар берілді.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

Футбол маусымы мәресіне жетті

Ғ.Мұратбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінің түлектері ұйымдастыруымен көктемде басталған футбол маусымы тәмамдалды. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік күніне орай өткізілген бұл жылғы соңғы турнир Таукент кентіндегі мәдени-спорттық кешенде болып өтті. 1998 жылғылар де-меушілігімен ұйымдасқан футбол жарысына бас-аяғы 14 команда қатысты.

Барлық жеңімпаздар мен жүлдегер командаларға, үздік ойыншыларға 1998 жылғылар тарапынан естелік сыйлықтар, медальдер, мадақтамалар табысталды. Бүгінгі турниріміз 10-желтоқсан халықаралық футбол күнімен тұспа-тұс келді. Сонымен бірге, 2023 футбол маусымын да қортындылады. “Үздік қақпашы” жүлдесімен 1993 командасының



Жартылай финалда 1992-1998, 1991-1994 командалары кездесті. Алғашқы кездесуде ойынның негізгі уақыты 3:3 есебімен тең болып ойын тағдыры пенальти сериясында шешілді. Бұл жерде 1998 жылғылардың бағы жанып финалға шықты. Екінші ойында осы турнирдің 2 дүркін чемпиондары 1991 жылғылар 1994 командасына еш мүмкіндік бермей финалға берілер екінші жолдамаға ие болды.

Үшінші орын үшін болған кездесуде де жеңімпаз пенальтиден анықталды. Турнирдің үш дүркін чемпиондары 1992 жылғылар командасының бұл күні жолы болмады. Олар тағы да пенальтиден опық жеп жүлдегерлер қатарынан сырт қалды.

Ал финалдық ойын тіпті қызық өтті. Алғаш болып 1998 командасы гол соққан болатын, одан кейін 1991 есепті теңестірді. Екінші таймда 1991 есепте алға шықса, қарсыластар ойын соңына қарай таразы басын теңестірді. Кездесудің бітуіне санаулы ғана минуттар қалғанда 1991 командасының шабуылшысы Маханбетов Нұрсұлтан жеңіс голын соғып кетті.

Сонымен, бүгінгі турнирдің жеңімпаз 1991 командасы. 1998 командасы екінші, 1994 командасы үшінші орынға тұрақтады. 1991 жылы алған тәуелсіздік күніне арналған турнирде 1991 жылы өмірге келген жастар командасы үздік болды, сәйкестікті қараңыз.

қақпашысы Өскентаев Саламат, “Үздік қорғаушы” жүлдесімен 1990 командасы ойыншысы Байзақов Мағауия марапатталды. Ал жылдың үздік ойыншысына берілетін “Алтын доп” жүлдесіне 1992 командасының ойыншысы Әбілханов Дарын лайық деп танылды.

Ұйымдастырушылар маған да “Ардагер футболшы” жүлдесін табыстады. Өмір деген осы екен ғой, кезінде осы азаматтар оқушы кезінде талайына марапат тапсырып едім, енді олар мені марапаттап отыр. Рахмет көп-көп.

Жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру, спортқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында ұйымдастырылған шарамыз күткен межемізден асып түсті. Жастарымыздың ойын шеберлігі арта түсті, жастарымыз алтын уақыттарын телефонның алдында немесе темекі түтінімен ысталған кафелерде емес денсаулығын нығайтып спорт алаңдарында өткізді. Ауызбіршілік пен туыстық қатынас нығайды. Одан артық не керек?

Енді спорттық шараларымызды ауылдағы мектеп спортзалдарында волейболдан өткізуді жоспарлап отырмыз. Келесі жылы біздің ауылға да үсті жабық бір кіші футбол алаңшасы салынып қалар деген үмітіміз де жоқ емес.

Салауатты жастар- саламатты Қазақстан кепілі.

Сержан БЕГМАНҰЛЫ.



2 желтоқсан, 2023 | December 2, 2023
ДУБАЙ | DUBAI

Табиғи уран концентратын жеткізуге келісімшарт жасасты

«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» АҚ мен БАӘ энергетикалық компаниясы Emirates Nuclear Energy Corporation (ENEC) БАӘ «Барака» атом электр станциясының энергетикалық қажеттіліктері үшін қазақстандық табиғи уран концентратын жеткізу бойынша тарихтағы алғашқы келісімшартқа қол қойды.

Қол қою рәсімі Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Біріккен Араб Әмірліктеріне ресми сапары аясында өтіп, оның барысында Қазатомөнеркәсіп делегациясы Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі жөніндегі COP28 конференциясына қатысты.

«Біз Қазатомөнеркәсіп пен ENEC компаниясы арасындағы тарихтағы алғашқы коммерциялық келісімшарт-

пен біздің компаниялар арасындағы маңызды және перспективалы ынтымақтастықтың басталғанын мақтан тұтамыз. Біздің сатылымдарымыздың географиясы БАӘ-мен толықтырылғанына өте қуаныштымыз және Қазатомөнеркәсіптің БАӘ-нің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі және шығарындылардың нөлдік деңгейіне қол жеткізудегі рөлін жоғары бағалаймыз, бұл біздің компанияның әлемдік ядролық отын нарығында сенімді жеткізуші ретіндегі тұрақты беделін көрсетеді. Болашақта біздің серіктестігіміз «Барака» АЭС үшін табиғи уранды үздіксіз жеткізуді қамтамасыз етуге бағытталған жаңа келісімшарттарға қол қою арқылы ғана нығая түседі деп үміттенеміз», деді «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ басқарма төрағасы Мейіржан Юсупов.

«Әлемдегі ең ірі уран өндіруші Қазатомөнеркәсіп пен келісімшартқа қол қоюдың ядролық отынды одан әрі әртарапандыру және жеткізу қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұрғысынан ENEC үшін стратегиялық маңызы зор. Көптеген елдердің азаматтық атом энергетикасын өзінің энергетикалық балансына қосу жағына елеулі оң ауысуы аясында отын жеткізілімінің қауіпсіздігі бірінші кезектегі маңызға ие. Қазатомөнеркәсіп БАӘ қажеттіліктері

үшін экологиялық таза электр энергиясын өндіру үшін отынның тұрақты жеткізілуін қамтамасыз ете отырып, біздің әріптестеріміздің тізімін кеңейтеді», деп атап өтті ENEC басқарушы директоры және бас атқарушы директоры Мұхаммед әл Хаммади.

БАӘ-нің ірі энергетикалық компаниясымен жасалған бұл келісімшарт екі елдің атом компаниялары арасындағы ынтымақтастыққа жаңаша серпін береді, сондай-ақ Қазатомөнеркәсіптің сату географиясында жаңа елді ашады.

Келісімшарттың көлемі мен коммерциялық шарттары құпия және коммерциялық тұрғыдан сезімтал болғандықтан көпшілікке жария етілмейді.

Нұржамал МАЙУСОВА.

Отбасы бақыты татулықта



Осындай тақырыппен аудандық ішкі саясат бөлімінің мәжіліс залында іс-шара өткізілді. Оны ұйымдастыруға Шолақорған ауылы әжелер алқасының төрайымы Рысты Райымқұлова мен аталған бөлім ұйытқы болды.

Маңызы мен тәжірибелік мәні мол шараға татулығы жарасқан отбасылар мен жастар өкілдері қатысты.

Бір шаңырақтың астында 48 жыл тату-тәтті, бақытты ғұмыр кешіп келе жатқан Садуақасов Қошқарбай мен өмірлік серігі Дүйсебаева Құрманкүл (бұл күндері 17 немеренің ата-әжесі) және отандасқандарына 42 жыл болған Шешенқараев Мұқанбетәлі жары Атамбаева Тұрсынқұл арнайы шақырылды (екеуі де ардагер ұстаз). Сондай-ақ А.Сүйлейменов атындағы жалпы орта мектебінің әкелер мектебі ұйымының төрағасы (6 баланың әкесі) Даныш Тасходжаев, ардақты ана 7 баланың анасы, әлеуметтік педагог Пірінбетова Әтіркүл, сонымен қатар жас отбасылар Айтжан Ерлан, Қалды-

бек Айдос, Әлшерев Нұрсұлтан, Атаулаев Рустам, Орынтаев Ергали жұбайларымен қатысып, отбасы құндылығы жайында әңгіме өрбітті. Аудандық ішкі саясат бөлімінің қызметкері Ақерке Палуанова мен аналар кеңесі ұйымының төрайымы орынбасары, ардагер-ұстаз Дүрменова Сырғақұл де тәрбиелік-тағылымдық шарада белсенділік танытты.

Дөңгелек үстел басында жиналғандар емен-жарқын ой-пікірлерін ортаға салып, отбасының ынтымағы мен бірлігі, балалар тәрбиесі төңірегінде сыр шертісті.

Іс-шараға қатысқан жастар осындай мәнді кездесу жиі өткізіліп тұрса деген ұсыныстарын да жеткізді.

Кездесу барысында әнші көкелеріміз Қошқарбай Садуақасов пен Мұқанбетәлі Шешенқараев тамылжыта ән шырқады.

Жарқын жүзді жүздесуді әжелер алқасының төрайымы Рысты Райымқұлова қорытып, келген қонақтарға сәттілік тіледі.

С.МҰХИТ.

Қоғамдық ұйымдар бірлесіп, бақылау жасады

«Реформаларды әзірлеу және оны жүзеге асыру ісіне қоғамдық ұйымдар мен белсенді азаматтарды барынша тарту қажет. Сол үшін ең алдымен ұлттық жобалар мен стратегиялық құжаттардың барлығы ашық талқылануын қамтамасыз ету керек. Бұл мәселе бойынша жасанды пікірталас жасап, көзбояушылыққа бару болмайды!».

Қасым- Жомарт Тоқаев.

Желтоқсан айының 11-12 күндері аудандық қоғамдық кеңестің мүшелері: Ә.Сөлтеков, Т.Бекқұлиев, Б.Смақова, Т.Жұмақов, Б.Саржанов және кеңестің хатшысы М.Қиясбаев, «Аманат» партиясының ауданымыздағы бөлімшесінің жанындағы бақылау комиссиясының төрағасы Б.Тұрғанбаев пен мен, «Ел Мүддесі» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Данияр Бектер өзара келісіп, Шолаққорған ауылының 6 мектебі мен аудандық ауруханаға барып, қоғамдық бақылау жасадық. Қоғамдық бақылаудың мақсаты: аудандық аурухана мен білім ошақтарының жылыту жүйесін, бастауыш (1 мен 4) сыныптардың тамақтану стандарты бойынша Түркістан облыстық Білім басқармасы бекіткен асхана мәзірімен танысу; Сол мәзір бойынша берілетін тағамдарға тиесілі азық-түлік өнімдерінің дұрыс сақталуы; Нормала сай берілуі және асхананың тазалығы мен талаптарға сай болуы тексерілді дүниелер еді. Сондай-ақ, мүгедектігі бар азаматтарымызға арналған пандустардың да стандартқа сай болуы, тактильді жолбақтардың (қыстың күндері тайғанамас үшін төселетін) орналасуы, табалдырықтардың жайлылығымен арнайы дыбыс бергіш (звонок) құрылғының бар-жоқтығын анықтап, зерделеу жұмыстарын жүргізу еді. Алдынала хат беріліп, қоғамдық ұйымдардың келетіндігі жөнінде хабарланып қойғандықтан біздер барғанымызда аудандық аурухана басшысы да Шолаққорғандағы 6 мектептің директорлары да жұмыс орындарында болды. Жалпы, бірлескен бақылаушылар тобы әуелі ауданымыздың орталығындағы мектептерге баруды жоспарлап, екі топқа бөлініп, әр үш білім ошағына бөлек-бөлек бардық. Қоғамдық бақылау нәтижесінде: Жалпы, біз аралаған 6 мектептің асханасында тұрған ыстық тамақтың мәзірінің бірегейлігіне көз жеткіздік. Өзім құрамында болған топ аралаған үш мектеп бойынша айтар болсам, үшеуінде (Ә.Молдағұлова, А.Сүлейменов және Н.Төреқұлов) де тазалық сақталған, мәзір ілінген, азық-түліктер сақтайтын қоймалар жабдықталған екен. Сол күнгі берілетін ас мәзірі ыдыстарға салынып, айналы жәшіктің ішіне салынып, асхананың бір бұрышына қойылыпты. Бір қараған адамның қараса көңілі, ішсе қарыны тоярықтай екен. Әрине, арнайы келіп-кетуші бақылаушылар үшін қойылған ас мәзірінен ауыз тисек, дәмін, қаншалықты дұрыс не бұрыс піскенін де анықтауға болар еді. Тек, сол онымызда болмапты. Әр үш мектепте ыстық тамақ ішетін оқушылардың саны әртүрлі екен. Жалпы, ыстық тамаққа қатысты анау айтқан кемшілік байқамадық. Дегенмен, бірлі-жарым ескертпелеріміз болды, оларды да қойын дәптерлерімізге түртіп алдық. Мұнан бөлек, Ә.Молдағұлова мен Асқар Сүлейменов атындағы жалпы орта мектептеріндегі ауа температурасы қалыпты жағдайдан (22 градустан) төмен болды. Жылыту қазандықтары орналасқан жайларда түтін айдағыш (вытяжка) құрылғылардың істемейтінін анықтап, мектеп әкімшіліктеріне ескерттік. Жылыту жүйесіне қатысты кемшіліктерді де қойын дәптерімізге жазып алдық. Ал енді, мүгедектігі бар азаматтарға мекемеге кірулері үшін қолайлы жағдай тудыруда мектептердің барлығында да кемшіліктер орын алды. Арамыздағы



«Асар» мүгедектер ұйымының ауданымыздағы филиалының төрағасы Біржан Саржановтың айтуынша, мекемеге келетін автокөліктер тоқтайтын тұрақта мұндай азаматтарға арнайы орын бөлінуі тиіс екен, бөлініпті де. Тек, солардың көпшілігіне мүгедек арабасында отырған адам бейнесі бар белгі қойылып, арнайы тұрақ (порковка) екенін білдіретін «Р» әріпі белгісі қойылмапты. Сосын, бұл мектептердегі пандус атаулының барлығы дерлік стандартқа сәйкес жасалмапты. Тағы да мектептерге кіре берістегі баспалдақтардың барлығы тайғақ, арнайы төсеніш төселмегені анықталды. Арамызда ересек, мүгедектігі бар және әйел кісілер болғаны есепті ол кісілердің кіріп-шығуы кәдімгідей қиындық тудырды. Бұдан да бөлек, мектеп басшыларының тарапынан біршама кемшіліктер айтылды, біз де оларды сол қойын дәптерлерімізге түртіп алып, аманатты иелеріне жеткізуге уәде беріп қайттық. Ал, Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов және Тәкен Әлімқұлов мектептеріне барған әріптестеріміз де біздер анықтаған кемшіліктерден бөлек, тағы бірнеше кемшіліктерді анықтап, мектеп әкімшіліктеріне ескерту жасап, қойын дәптерлеріне түртіп алып келді. Сонымен, аудан орталығы Шолаққорған ауылындағы мектептерге жасалған қоғамдық бақылауымыз осылай өз мәресіне жетті.

Ал енді, желтоқсан айының 12 күні сағат 15-00 де аудандық ауруханаға барып, бас дәрігердің міндетін атқарушы Бейбіт Төреханов және орынбасары Нұрлан Бердімұратовтармен жолықтық. Жоғарыда айтқанымыздай, келетінімізден алдынала хабардар аудандық аурухананың басшылығы бізді сыртта күтіп алып, бірден жылыту қазандықтары орналасқан жайға ертіп барды. Байқағанымыз, биылғы жылға қаралған қатты отын көмір жеткілікті мөлшерде түсіріліпті. Алайда, түсірілген көмір түгелдей дерлік майда еді. Жылыту ғимаратында екі бірдей көмірмен жанатын және қосымша бір сыйық отынмен (солярка) жанатын жылыту қазандықтары орнатылған екен. Солардан қатты отынмен жанатын екі бірдей қазандық жұмыс жасап тұрды. Тек, қазандықтар қойылған жайға кіру мүмкін емес, себебі, іштегі лас ауаны сыртқа тартып кететін желдеткіш құрылғы қойылмапты. Әрине, мұны аурухана басшылығының өздері де көзбенен көріп тұрды. Сол себепті де ол кісілерге ескерту жасауға тура келді. Өйткені, қазандықтардан шыққан түтін менен оның қоламса иісі көзің менен тыныс алу мүшелеріңе еріксіз кіреді. Ал енді, мұның ішінде жылыту операторларының сағаттап жұмыс жасайтынын ескерсек, бұл кемшілікті түзеу кезек күттірмейтіні бесенеден белгілі еді. Дегенмен, барған жұмысымыз бақылау болған соң бірнешеуіміз амал жоқ кіріп, қазандықтың қанша жылу беріп тұрғандығын термометрмен қарап, оның +70 градусты көрсетіп тұрғанына көз жеткізіп

көріп шықтық. Сөйтіп, салған жерден аурухананың қабылдау бөліміне, хирургия мен жансақтау, балалар және перзентхана бөлімдеріне бардық. Байқағанымыз, дәліздердің барлығына дерлік тоқпен істейтін жылыту пештерін қойып қойыпты. Тек, жансақтау бөлімінде ғана ауаның температурасы -16 градусты көрсетіп тұрды. Қалған бөлімдерде +18 бен 20 градусты көрсетті. Осы ретте мен аудандық аурухананың бас дәрігерінің уақытша міндетін атқарушы Бейбіт Төрехановтан: «Беке, мына тоқ пештерді біз келетін болған соң бүгін таңертеңнен бастап қойып жатырсыздар ма әлде күнде осылай ма?» деп сұрадым. Бейбіт дәрігер: «Даке, өздеріңіз де білесіздер, осыдан бірнеше жыл бұрын аурухананың жылыту жүйесі күрделі жөндеуден өткен болатын. Дегенмен, біздің аудандық аурухананың әкімшілігі жүргізілген жұмысқа қанағаттанбай, нәтижесінде, тапсырыс беруші (заказчик) облыстық денсаулық басқармасы мердігер компанияның жұмысын қабылдамай қойған болатын» деп жауап берді. Мен де өз кезегімде: «Бейбіт мырза, сіз айттып отырған күрделі жөндеу жұмыстарынан мен хабардармын. Олай дейтінім, сол күрделі жөндеу жұмыстары жүріп жатқан жылы құрамында: аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Қабылбек Еспенбетов, сол тұстағы қоғамдық кеңестің мүшелері: Пардабек Сақтапбергеновты мен Берік Тұрғанбаев және «Созақ үні» газетінің тілшісі Данияр Бек бар жұмысшы топ қоғамдық бақылау жасап барған болатынбыз. Сол сапарымызда жүргізіліп жатқан жылыту жүйесінің жүйесіздігін аудандық аурухананың сол тұстағы басшысы Бақытжан Мырзағелдиев пен шаруашылық жөніндегі орынбасары Бақытжан Төлепбергеновке және мердігер компанияның жауапты қызметкеріне ескерткен болатынбыз. Сонда аурухана басшылығы мердігер компанияны сотқа беріп жатырмыз және жұмысты әсте қабылдамаймыз» деп шығарып салған еді. Енді бүгін көріп отырмыз, тапсырушы мердігер компанияның жұмысын қабылдамаған көрінеді, бірақ, сотқа бермеңіздер. Осы әрекеттеріңізді қалай түсіндіресіздер, мемлекет қазынасына бөлінген миллиондаған қаржы солай, құмға сіңген судай сұраусыз қала бере ме?» деп, қайта сұрадым. Бас дәрігердің міндетін атқарушы: «Даке, сол жөндеу жұмыстарының аяқталғанына биыл үш жыл толады, сол себепті де біз мердігер компанияны сотқа беріп, жауапқа тарта алмаймыз!» деп жауап қайырды. Алайда, бұл жауапқа қоғамдық ұйымдардың өкілдері, біздер қанағаттанбадық. Әрі қарай, аурухананың терапия бөліміне барып, бақылауымызды жалғастардық. Мұндағы ахуал да алдыңғыдай еді. Дәліздер мен науқастар жатқан бөлмелердің бәрінде тоқ пештер қосылған екен. Дегенмен, емделіп жатқан науқастардың көпшілігі палаталарымыз жылы дегенмен шындықты айтар қарияларымыз да табылды. Бірақ,

бұл кезде өзге палатаға кірген мен мен бұл жәйтқа куә бола алмай қалдым. Алайда, әріптестерімнен болған жәйтқа қаныққан мен әлгі болып жатқан жағдайды бүкпелемеген қариялардың телефондарына хабарласып, мән-жайға қанықтым. Сондағы ол кісілердің айтқаны: «Шырағым Данияр, мына аудандық аурухана қараусыз, иесіз қап кетіпті. Мына жағдайды назарға алып, қоғамдық бақылауды күшейтпесе болмайды екен деп, көзге ұрып тұрған кемшіліктерді тізбелеп айтып шықты. Не керек, мені алаңдатқан мәселе әріптестерімді де бейжай қалдырмаған секілді. Ереңіне, желтоқсанның 13 күні аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Мұрат Сапаров, мүшелері: Әліпбек Сөлтеков, Бақыт Смақова, Талғат Жұмақов, Біржан Саржанов пенен мен, «Ел Мүддесі» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Данияр Бек аудандық ауруханаға бетке алып, бақылау жасауға бардық. Тек, бұл жолы бірден терапия бөліміне, әлгі қарияларымыз жатқан палатаға бардық. Жағдай сол телефонда сөйлескеніміздей болып шықты, бірақ, бұл жолы бетпе-бет жолығып, шағымдарын өз ауыздарынан тыңдаудың реті келді. Бұл кезде аудандық аурухананың бас дәрігерінің орынбасары Нұрлан Бердімұратов та жұмыстарын реттеп, жанымызға келді. Ауданымыздың азаматы болып келетін Нұрлан дәрігер бәрімізге қарап: «Ағалар, бір нәрсені дұрыс түсініңіздерші, иә, кемшілік жоқ емес, бар. Жылыту жүйесінде ақау бар, пластик есік-терезелеріміздің барлығының да резіңкелері әбден ескірген жылуды ұстап тұра алмайды. Дегенмен, қазіргі басшымыздың келгеніне көп те болған жоқ қой. Келесі жылы ауруханаға облыстық бюджеттен күрделі жөндеу жұмыстары жүрмекші. Ал енді, осы елдің азаматы ретінде айтарым: Мына, бас дәрігердің уақытша міндетін атқарушы Бейбіт Төреханов білікті, іскер басшы. Сырттай сұрастырсаңыздар да болады, Қазығұрт ауданының жаңадан соғылған орталық ауруханасының құрылыс жұмыстарының басынан аяғына дейін жүріп, өзі қадағалап істетті. Жолдарыңыз түсіп жатса көрерсіздер, аурухана өте сапалы шыққан» деп, әрі басшысы әрі әріптесін ақтап сөйледі. Сонымен, ауданымыздың азаматы ара түсіп жатқан соң біз де сөзге құлақ беріп, Бейбіт Төреханов пен Нұрлан Бердімұратовты желтоқсанның 15 күні аудан әкімдігінің мәжіліс залында өтетін қоғамдық кеңестің отырысына аудандық Білім бөлімінің басшысы Нұрәлі Айдаровпен бірге келіп, көтерілген мәселелерге қатысты жауап берулерін сұрандық. Келіскеніміздей, 15 күнгі қоғамдық кеңестің отырысына аудандық білім бөлімінің басшысы Н.Айдаров пен бас дәрігердің уақытша міндетін атқарушы Б.Төрехановтар келіп, жоғарыда айтылған ескертпелер жөніндегі сұрақтарға жауап берді. Қоғамдық ұйымдардың тарапынан айтылған ескертпелердің барлығы орынды деп тапқан мекеме басшылары алдағы уақыттарда оқшылықтардың орынын жойып, нәтиже шығаруға уәде берді. Қоғамдық ұйымдар да өз кезегінде қоғамдық бақылау жұмыстарын әрі қарай жалғастыратындарын ескертті. Ескерту: Алдағы сейсенбі, желтоқсанның 19 күні ауданымызға Түркістан облыстық денсаулық сақтау басқармасының өкілдері келіп, қоғамдық ұйымдармен кездесетін болды. Кездесуді аудан әкімінің орынбасары Ақәділ Сатыбалды ұйымдастыратын болды. Сондай-ақ, бас дәрігердің у. м.а. Бейбіт Төреханов аудандық «Созақ үні» газетінің тілшісі Данир Бекке алдағы атқаратын жұмыстарының жоспарымен бөлісіп, сұхбат беруге келісті. Сол сұхбатымда аудан жұртшылығының осы денсаулық саласына қатысты сан сауалдарының біршамасына жауап алатын боламыз!

Данияр БЕК.

Тарих қойнауына көз жіберсек, өткен күндерге, оқиғаларға үңілсек көп сырларға қанығар едік. Таудың етегіне орналасқан Жыныс ауылында дүниеге келіп дүйім Қазақстанға танылған азаматар жайлы жазуды осы жазбама арқау еттім.

Мақтанып айтуға тұрарлық азаматардың кіндік қаны осында тамған.

Мемлекет және қоғам қайраткерлері

Қазақстанның ең бірінші прокуроры қызметін атқарған азамат осы ауылдың төл перзенті Іскендір Ерімбетов екенін біреу білсе, біреу білмес. С.Мұқановтың «Ботакөз» романында ол жайында заң қызметкері ретінде әділ шешім шығарғаны баяндалған. Репрессия кезінде оны болыстың баласы деп қудалап, қызметінен алып, қыспаққа алады. Ол өмірінің соңғы жылдарына Ташкент қаласының маңында өткізіп, Көктерек мақта зауытының директоры болып, дүниеден



Құрметті азаматы. Жылма жыл облыс көлемінде «Жарылқасын Оңалбек» атындағы спорттан әр өңірде жарыстар өткізіліп тұрады. Жомарт азамат жылма жыл кембағал отбасыларға өзінің есебінен көмек беріп демешілік жасап отырады.

Қызметкерлер

Мырзалиев Аманкелді 1929 жылы туылған. Шымкенттегі мұғалімдер институтын бітірген соң Созақ аудандық партия комитетінде нұсқаушы. Тасты совхозында партия комитетінің секретары. Аудандық атқару комитетінің орынбасары жұмыстарын көп жылдар атқарып зейнеткерлікке шыққан. Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы жұмыстарын атқарды. Созақ ауданының Құрметті азаматы.

Керимов Есенбек 1932 жылы туылған. ҚазГУ-дің журналистика факультетін бітірген. Тасты совхозында мұғалім. Одан соң Балдысу жеті жылдық мектебінің директоры болып 30

Насыр Жарымбетов халық ақыны. Созақ ауданы «Калинин» атындағы совхозда токар (темір жонушы) боп бастап сол жұмыстан зейнеткерлікке шыққан. Көп жылдар облыс көлеміндегі айтыстарда Созақ ауданының атынан айтысқа түсіп жүлделі орындардан көрініп жүретін айтулы ақындардың қатарында жүрді. Ол кісі 1922 жылы осы Жыныс елді мекенінде дүниеге келген. Ұлы Отан соғысына қатысып, 1946 жылы соғыс біткен соң бірақ келді.

Көпбай Омаров – халық ақыны. Осы Жыныс елді мекенінде дүниеге келген. Түркістандағы мұғалімдер училищесін бітіріп, Октябрь колхозындағы Сызған ауылындағы мектептерде мұғалім болып жұмыс істеген. Жанұя жағдайына байланысты Ордабасы ауданындағы Ермоловқада тұратын ағайындарына барып, сол жердегі мектепте сосын Арыс қаласындағы мектептерде ұстаз болып еңбек еткен. Облыс-Республика көлеміндегі айтыстарда бас жүлделерге ие бол-

Ауылдан шыққан жақсылар мен жайсаңдар

өткен. Ашаршылық кезеңінде ауылдастарын Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстаннан елге, Келес өңіріне қоныстандыруға қамқорлық жасаған азамат. Сол сияқты осы ауылдың тумасы Аппаз Өтенбаев Қазақстанның халық шаруашылығы министрі болған. Созақ ауданындағы көтерілске қатысып, сотталған адамдарға астыртын көмек беріп, қамқорлық жасаған. Кейін репрессияға ұшырап ату жазасына кесілген.

Жайшыбеков Тәукебай-революционер болған. Сәкен Сейфуллин түрмеден қашып Созаққа келгенде сол кездегі НКВД ның Созақ ауданындағы бастығы екен. Сәкенді Суындық асуындағы өзеннің бойына жасырып, күндіз көрінбей, тек түнде ғана қоналқаға тігілген үйге келіп, қашан Түркістаннан адамдар келіп, алып кеткенше сыртынан күзет қойғызып, келген кісілерге ақынды аман-есен тапсырып отырған. Сәкеннің әйгілі «Тау ішінде» деген әні сол кезде туған екен.

Сәкен Совнаркомға бастық болып барған кезде Алматыға НКВД-ға қызметке алдырған. Сәкен кейін өзі қудаланған соң мұны Тәжікстанға ішкі істер министрі етіп ауыстырған. Кейін қызметі төмендеп, Түркістан, Созақ өңірінен Мырзашөл каналына жұмысқа алынады. 1961 жылы Келес өңірінде дүниеден өтті.

Есен Дүйсенов 1907 жылы туылған. Мәскеудегі теміржол институтын бітірген.

Алматы қаласы совет атқару комитетін он үш жыл басқарған. 1980 жылдары ауылға келіп, туған жерімді көремін деп келгенде қасында журналист Шериаздан Елеуқенов, Қаратай Көшкінов баласымен келген болатын. Ауылдан Керімбек аға екеуіміз Райыс өзенінің бойында кеш батқанша күтіп, шығарып салғанымызда өзінің ойынаған Қаратұма бұлағының қырларын көріп, көзіне жас алып, енді бұл жерлерді, сендерді көре алмаспын деп құшақтап бетімізден сүйіп, қоштасып, аттанып кеткен болатын.

Тайлақбаев Бейсен Түркістанда хйымдастыру бөлімінің бастығы болған. Кейін Созақ ауданына қызметке келген. Аман мен Созақбайды қызметке тартқан.

Созақбай Тоқпанбетов 1930 жылы туылған. Оқу бітіргесін Созақ аудандық комсомол комитетінің бірінші секретары, Калинин атындағы совхоз партия комитетінің секретары, аудандық атқару комитетінің бірінші орынбасары зейнеткерлікке шығар алдында аудандық тұтынушылар одағы көлік мекемесінің басшысы болып қызмет істеді.

Ғалымдар

Ибаділда Ақбергенов 1904 жылы туылған математика ғылымдары док-

торы. Дүниежүзінде интегралды теңеулерді ашқан көрнекті математик Орта Азия университетінде Ташкентте оқытушы болып істеп жүрген жерінен ҚазПИ-ге кафедра меңгерушісі етіп шақырып, сол жерде істеп жүргенінде репрессияға ұшырап 33 жасында атылып кеткен. Еңбектері осы күнге дейін математика ғылымында пайдаланылып келеді.

Шайқыслам Бекжанов ҚазПИ-дің тұңғыш ректоры.

Ісмет Кеңесбаев 1907 жылы туылған. Филология ғылымының докторы. Тіл бөлімінің фразологиялық негізін қалаушы. Түркология ғылымын зерттеуші ғалым. Академик. 1946 жылы қазақ ғылым Академиясын құрылғанда Қ.Сәтбаев президенті І.Кеңесбаев вице президенті болып қызмет атқарған. Ол кісі де кезінде қудаланып, біраз жыл шетте жұмыс істеген. Тіл білімі институтында директор болып ұзақ жыл қызмет атқарған.

Керимов Әжібай 1938 жылы туылған. Филология ғылымының кандидаты. Қыздар педагогикалық институтында кафедра меңгерушісі. Кейін Қазақ-Түрік университетінде ғылыми кеңесінде ұзақ жылдар қызмет атқарды.

Жүсіпов Тұрлыбек ҚазГУ-дің журналистика факультетін бітіріп, білім министрлігінде инспектор болып ұзақ жыл қызмет атқарды. Созақ ауданынан ең бірінші самбодан спорт шебері атағын алған азамат.

Омбаев Абдрахман-ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы академик. Шымкент қаракөл ғылыми-зерттеу институтында директор болып кейін Алматыға ауыл шаруашылық ғылыми зерттеу институтына директор болып жоғарылап кетті. Дүние жүзінде қаракөл елтірісін шығарған үлкен ғалым. Ол кісінің әке-шешесі осы біздің елдің адамдары болатын. Дарбыт бұлағына кетіп бара жатқанда басында 2 талы бар бұлақ ағып жатыр сол жерде Омбайдың қыстауы деген. Үйдің, қораның орындары әлі күнге дейін білініп жатыр. Ашаршылық кезінде Сыр бойынан ауа көшіп «Өзен жағалағанның өзегі талмас» деп Сыр бойына көшіп барған сол жақта Абдрахман өмірге келген. Қарабура әуліені қорының президенті боп осы күнге дейін атқарып жылма жыл құран бағыштатып жиын өткізіп тұрады.

Оңалбек Жарылқасын 1950 жылы туылған. Педагогика ғылымдарының докторы. Кентауда экология институтының директоры кейін Түркістандағы Қазақ-Түрік университетінде спорт кафедрасының меңгерушісі. Қазір Шымкент қаласында Университете ректоры болып қызмет атқарып жүр. Самбодан спорт шебері, Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы атағы бар. Созақ ауданының

жылдан аса сол мектептің директоры болып үздіксіз істеп зейнеткерлікке шыққан. Созақ ауданының Құрметті азаматы. Елге көшіп келгесін Таукенттегі «Жыныс ата» мешітінің соғылуына бірден-бір атсалысып бітіріскен азамат.

Тұрысбеков Сексенбай 1940 жылы туылған. Шымкенттегі мұғалімдер институтын қызыл дипломмен бітіріп келгесін Абай елді мекенінде мектепте мұғалім. Аудандық партия комитетінде инструктор. Аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы. Энгельс атындағы совхоз партия комитетінің секретары, аудандық Госконтрольдың бастығы, Одан Қаратау совхозының директоры, одан С.Қожанов атындағы совхоздың директоры қызметтерін өте жоғары жауапкершілікпен атқарған азамат. Созақ ауданының және Түркістан облысының Құрметті азаматы. «Қарабура» әуліенің қоғамдық қорының вице президенті, барлық уақыттарда қоғамдық ұйымдардың басы-қасында жүргенін көресің.

Тұрысбеков Мағауия Шымкенттегі технология институтын бітірген. Әртүрлі салада жұмыс атқарып, кейін кәсіппен айналысқан. Өз алдына компания құрып көптеген құрылыстар жүргізген. Аудандық мәслихаттың депутаты. Одан облыстық мәслихаттың депутаты болып сайланған. Ауданның Құрметті азаматы. Оның демешілігімен аудандық «Аманат» партиясының ғимаратын және ардагерлер үйін тұрғызған азамат. Ауданда көптеген жоқ-жұқана адамдардың үйлерін тұрғызып, одан қала берді аз қамтылған отбасыларға ақшалай жылма жыл көмек беріп отырады. Биыл 1923 жылдың көктемінде Жыныс елді мекенінен үй, мешіт соқтырып, ол тірлігі де бітуге тақау. Жаны жомарт, адам баласына жақсылық жасауға дайын жүретін кең пейілді азамат.

Өнер адамдары

Бекжанов Шаймерден 1896 жыл туған. Халық ақыны, Созақ ауданы «Қызыл отау» мекемесінің меңгерушісі болған. Ең алғаш Оңтүстік Қазақстанның ақындар айтысы өткенде соны алғаш ашып берген азамат. Өкінішке орай жазба деректері сақталмай қалған. Әрі артында іздеушісі көзі қырақты ұрпақ қалмағасын атаусыз келеді.

Тойшиев Сыздықбек 1906 жылы туылған, халық ақыны. Қарағұрлық Зейнетай ақынмен айтыстары, «Социалистік шаруа» газеттерінде үзбей жарияланып тұратын. Діни сауатты кісі Қарнақтағы медреседе, Бұқарадағы діни мектептерден білім алған. Саяси да сауатты кісі болатын. Өз қатарластары арасында сыйлы қария боп дүниеден өтті.

ған көрнекті ақын. Өзбекстан мен Қазақстан ақындар айтысына қатысып, сол жерде жүрек талмасынан қайтыс болған. Ол кісі Тілеу бидің Омар деген баласының перзенті.

Шәмші Қалдаяқов 1932 жылы туылған. Әкесі Қалдаяқ ұста, зергер адам болған. Жыныста Қалдаяқтың бұлағы дейтін қарай жататын. Қазір Нұрсая деген кісінің шарбағының ішінде бұлақтың орны бар. Бұрын басында бір талы болатын Таस्ताққа тақау болатын. Жылғалай ағып тастаққа қарай ағып жататын. Кейін қиын қыстау кезеңдерде Қызылкөл жақтағы төрелердің арасына барып зергерлік кәсіп жасап Шәді Төре деген кісінің қызын алып қашып, Сырдың бойына барып қоныстанған. Сол жерде Қалдаяқ дүниеге келген. Отырар ауданында Шәмші ауыл деген ауыл бар. Көрнекті композитор 100 ден аса әннің авторы. Қазақстанның вальсінің каролі деген көрнекті композитор. Өкінішке орай тірісінде одаққа мүше бола алмаған. Мемлекеттік құрметке де ие бола алмай кеткен азамат. Дүниеден өткесін барлық Қазақстанда бар құрметтер берілді. Ол кісі барған жерлеріне ән арнап отырған. Бірде елге келгенде «Теріскей» әнін шығарған осы күні бұл ән барлық жерде орындалып келеді. Осы Жыныс елді мекені Октябрь-5 колхозы болатын. Осы колхоздың есіп өркендеуіне халықтың әл-ауқатын көтеруге аянбай еңбек еткен мына азаматтарды айтпай кетуге болмас. Осы колхозды басқарған.

Қаратілеков Несіпбай, Қанаева Мария, Төребек, Айжолов Алмахан, Жәукебаев Құлбек, Әлжанов Қалжан, Есмұратов Есберген, Жарылқай, Әмет Қабі, Шардарбеков Шәріпбек,

Әлімбеков Бостан ферма басқарған. Нұрымбетов Жәлел, Оңалбек Керімбек, Қалдыбаев Мәмбетбай, Дауітов Орынбай, Қалыбеков Жұмаш, Сүйгенбаев Жиянтай, Есенсариев Ысқақ, Қарымсақов Ыдырыс, Есберген Бердібек, Жұмашов Шардар, осы азаматтардың біразы Ұлы Отан соғысына қатысып, денсаулықтарын нашарлатып келген азаматтар. Соған қарамастан күндіз-түні ат үстінде жүріп, бір тынбайтын еңбекқор азаматтар болатын. Октябрь колхозында мектеп жайы болмаған. Сол игі тірлікті колхоз мүшелерімен асарлатып мектеп жайын төрт оқу класы 1 мұғалімдер бөлмесін соқтырған. Қанаев Пәрімбек деген азамат басқарып, соқтырып, сол мектепке меңгеруші болып, соғысқа дейін істеген сол мектепте 1940 жылдан бері оқыған азаматтар көрнекті ғалым, мемлекет қайраткерлері шықты. Осы мектепте оқыған азаматтардың көзі тірілері әлі ортамызда бар.

**Бердібек ЕСБЕРГЕНОВ,
Жыныс елді мекені.**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл — сыбайлас жемқорлықты алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық қжқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық қжқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу және олардың салдарларын жою жөніндегі өз өкілеттігі шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қызметі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесі:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру;
- ҚР заңнамасына сәйкес нормативтік қжқықтық актілердің жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама жүргізу;
- ҚР заңнамасына сәйкес заң сараптамасын жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлық нормаларын анықтау;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыру және сақтау;
- қаржылық бақылау;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер;
- мүдделер қақтығысын болдырмау және шешу;
- кәсіпкерлік саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары;
- сыбайлас жемқорлық қжқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу;
- сыбайлас жемқорлық

қжқық бұзушылық туралы хабарлама;

-сыбайлас жемқорлық қжқық бұзушылық салдарын жою;

-сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Ұлттық баяндаманы қалыптастыру және жариялау.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы қжқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің қжқық бұзушылыққа немқұрайлық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі.

Бақдәулет ЖУПАРБАЙ,
Созақ аудандық соты
әкімшісінің аға сот приставы.

БЖЗҚ - “Ұлттық қор-балаларға” бағдарламасы шеңберінде нысаналы жинақтау шоттарының операторы

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша “Ұлттық қор-балаларға” жобасын іске қосу жоспарлануда.

Жобаға сәйкес Қазақстанның азаматы болып табылатын барлық балаларға жыл сайын Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының (бұдан әрі – Ұлттық қор) инвестициялық табысының 50% есептелетін болады. Бұл ретте табыс есепті жылдың алдындағы он сегіз жыл бойынша орташаланады. Бұдан бөлек, балаларға есепті жылға дейінгі жылдары есептелген сомалар Ұлттық қор активтерінің құрамында инвестициялануды жалғастыра береді. Нәтижесінде оларға қосымша инвестициялық кіріс есептелетін болады.

Айта кеткен жөн, БЖЗҚ әлеуметтікмаңызы бар жобаларды іске асыруда үлкен тәжірибеге ие. Оның дербестендірілген есеп пен қашықтан қызмет көрсетуге арналған бірегей ақпараттық-технологиялық жүйеле-

рі, халыққа қолжетімді қызметтер көрсететін дамыған өңірлік желісі бар.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жыл сайын БЖЗҚ-ға Ұлттық қордың орташаланған инвестициялық кірісінің (бұдан әрі ОИК) 50% сомасы, ОИК мөлшерлемесі және Нысаналы талаптарға қатысушылардың бұрын қалыптастырылған нысаналы талаптарына есептелген табыс сомасы туралы ақпаратты қамтитын Ұлттық қорды қалыптастыру және пайдалану туралы есепті жібереді деп көзделуде.

БЖЗҚ жыл сайын қаңтар айында ҚР Әділет министрлігіне салыстыру үшін есепті жылдың 31 желтоқсанының аяғындағы жағдай бойынша балалардың, яғни “Жеке тұлғалар” мемлекеттік дерекқорынан алынған мәліметтер негізінде дербес қалыптастырылған нысаналы талаптарға қатысушылардың электрондық тізімін беретін болады.

«Созақ үні»-ақпарат.

Прокурордың, қылмыстық қудалау органдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне жасалған шағымдарды сотта қарау тәртібі-Қжқықтары мен бостандықтарын прокурордың, тергеу және анықтау органдарының әрекеті (әрекетсіздігі) және шешімі тікелей қозғайтын тұлға қылмыстық қжқық бұзушылық туралы, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуында, тергеп-

жиналған дәлелдемелердің жол берілетіндігі немесе жол берілмейтіндігі туралы түйін жасамай, іс бойынша шешім қабылдау үшін материалдық-қжқықтық және процестік негіздердің бар екенін не жоқ екенін тексеруге тиіс. Сот тексеруінің шектері осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген әрекеттерді жасау (әрекетсіздік) және шешімдерді қабылдау кезінде заң нормаларының сақталуын анықтау-

шешімдеріне шағым жасалып отырған лауазымды адамдар соттың сұрау салуы бойынша үш тәулік ішінде мұндай әрекеттерді (әрекетсіздікті) жасауға және шешімдерге негіз болған материалдарды сотқа ұсынуға міндетті.

Сот отырысын өткізу кезінде тергеу судьясы қандай шағымның қаралуға жататынын хабарлайды, осыдан кейін, егер арыз иесі сот отырысына қатысып отырған

Қылмыстық-процестік кодексінің 106-бабымен берілген шағымдардың қаралу тәртібі

тексеру мерзімдерін үзуде, қылмыстық істі тоқтатуда, сот-медициналық сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналас-тыруда, тінтуді және (немесе) алуды жүргізуде, өзге де әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) жасауда және шешімдерді қабылдауда заңның бұзылуы туралы арызды қабылдаудан бас тартуға шағыммен сотқа жүгінуге қжқылы. Шағымды осы 106 баптың тәртібімен қарау кезінде сот осы Кодекске сәйкес қылмыстық істі мәні бойынша шешкен кезде сот қарауының нысанасы болып табылуы мүмкін мәселелерді алдын ала шешпеуге тиіс.

Сот шағымды қараған кезде істегі бар дәлелдемелерге баға бермей, арыз иесі өз шағымында көрсеткен барлық мән-жайларды анықтаушының, тергеушінің, прокурордың тексергенін және ескергенін анықтауға тиіс. Бұл ретте сот кінәнің дәлелденгені немесе дәлелденбегені,

мен шектеледі. Шағым келтіру шағым жасалып отырған әрекеттің жүргізілуін және шағым жасалып отырған шешімнің орындалуын тоқтата тұрмайды.

Шағымды тергеу судьясы үш тәулік ішінде сот отырысын өткізбей жеке-дара қарайды. Егер заңды және негізді шешім қабылдау үшін маңызы бар мән-жайларды зерттеу қажет болса, тергеу судьясы шағымды он тәулік ішінде жабық сот отырысында тиісті тұлғалар мен прокурордың қатысуымен қарайды, олардың келмеуі шағымды қарауға кедергі келтірмейді. Тергеу судьясының өкімі бойынша сот отырысы бейнебайланыс режимінде өткізілуі мүмкін. Сот отырысының барысында хаттама жүргізіледі. Қажет болған кезде тергеу судьясы қосымша материалдарды талап етіп алдырып, тиісті тұлғаларды шақыруға және олардан сұрақ алуға қжқылы. Әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және

болса, ол шағымды негіздейді, содан соң басқа да келген адамдар тыңдалады, олар сотқа дәлелдемелер беруге қжқылы. Шағым жасалған әрекеттердің (әрекетсіздіктің) немесе шешімдердің заңдылығын дәлелдеу ауыртпалығы оларды жасаған немесе қабылдаған тұлғаға жүктеледі.

Тергеу судьясы шағымды қарау нәтижелері бойынша:

- 1) заңсыз деп танылған процестік шешімнің күшін жою туралы;
- 2) тиісті лауазымды адамның әрекеттерін (әрекетсіздігін) заңсыз немесе негізсіз деп және оның жол берілген бұзушылықты жою міндетін тану туралы;
- 3) прокурорға азаматтың немесе ұйымның қжқықтары мен заңды мүдделерінің жол берілген бұзылуын жою міндетін жүктеу туралы;
- 4) шағымды қанағаттандырусыз қалдыру туралы тиісті қаулы шығарады.

Сот шығыстарының мәселелері

Мемлекеттік бажды бюджетке төлеу төлем қжжатарымен немесе кассалық қжжатармен, ал төлемдерді банкоматтар, электрондық терминалдар, қашықтан байланысу және «электрондық үкімет» төлем шлюзі арналары арқылы төлеген кезде қағаз жеткізгіштер немесе электрондық чек және түбіртекпен расталуға тиіс. Мемлекеттік баж салығы бастапқы және қарсы талап қоюшыға, сондай-ақ кассациялық шағым берушіге жүктеледі.

Азаматтық процестік кодекстің (АПК) 108-бабына сәйкес іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындарға: құлаларға, сарапшыларға және мамандарға төленуге тиісті сомалар; тиісті орында қарап-тексеру ді жүргізуге байланысты шығыстар; заттай дәлелдемелерді сақтауға байланысты шығыстар; жауапкерді және (немесе) баланы іздестіру бойынша шығыстар; іс бойынша жарияланым мен хабарландыруларға байланысты шығыстар; тараптарға және іске қатысатын басқа да тұлғаларға хабарлау және оларды сотқа шақыру бойынша шығыстар; тараптар мен үшінші тұлғалардың жол жүру және тұрғын үй-жайларды жалдау бойынша, олардың сотқа келуіне байланысты жұмсаған шығыстары; өкілдің көмегіне ақы төлеу бойынша шығыстар; сот өтелуге жатады деп таныған, оның ішінде тараптардың кейіннен сотқа жүгінген кезде дауды міндетті түрде сотқа дейінгі реттеу рәсімдерінде жұмсаған басқа да шығындар жатады.

Талап қоюшы немесе қарсы талап қоюшы азаматтық тәртіппен сотқа талаппен (қарсы талаппен) жүгінген кезде сот шығыстары қарсы тараптан өндіруді сұрауы мүмкін. Бірақ, сот шығыстары талаптың мәніне кірмейді. Осы ретте ескере кететін жайт бар. Іс тәжірибеде көрсеткендей, сот шығыстарын талап ретінде қарастырып, ол үшін артық мемлекеттік баж төлейтін жағдайлар кездесіп жатады. Негізінде сот шығыстары үшін мемлекеттік баж төлеудің қажеті жоқ.

АПК-нің 226-бабы 6 бөлігінің талабына сай шешімнің қарар бөлігінде сот шығыстарын бөлу туралы мәселе шешіледі. Сот өзінің пайдасына шешім шығарылған тарапқа іс бойынша жұмсалған барлық сот шығыстарын басқа тараптан алып береді. Егер талап қою ішінара қанағаттандырылса, онда шығыстар талап қоюшыға- талап қою талаптарының сот қанағаттандырыған мөлшеріне пропорционалды, ал жауапкерге талап қоюшының талап қою талаптарынан бас тартылған бөлікке пропорционалды түрде алып беріледі.

Егер талап қоюшы мемлекеттік баж, сондай-ақ, іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығын төлеуден босатылса, мемлекет кірісіне шығыстарын төлеуден босатылмаған жауапкерден толық немесе талап қоюдың қанағаттандырылған бөлігіне пропорционалды өндіріліп алынады. Өндіру жөнінде сот актісінде көрсетіледі. Сонымен қатар, азаматтық іс жүргізуде қорғаушының қызмет ақысына қатысты да даулы мәселе болып жатады. АПК-нің 113-бабы 1 тармағында мүлктік талаптар бойынша осы шығыстың жалпы сомасы талап қоюдың қанағаттандырылған бөлігінің 10 пайызынан аспауға тиіс. Мүлктік емес сипаттағы талап бойынша шығыс сомасы ақылға қонымды шекте өндіріліп алынады, бірақ ол 300 АЕК-тен аспауға тиіс. Көпшілік жағдайда мүлктік сипаттағы талаптар бойынша өкілдің қызмет ақысы соманың 10 %-ынан асып кететін жағдайлар да кездесіп жатады.

Тараптар бітімге келген жағдайда олардың арасында жасалған бітімгершілік шартында сот шығыстарын өндіру мәселесі де қаралуы мүмкін. Яғни, сот шығысын дауламау немесе өзара келісім негізінде қарсы тараптан өндіру. Сонымен қатар тараптар бітімге келген уақытына төленген мемлекеттік баж сот ұйғарымымен кері қайтарылады.

Б.САГИНТАЕВ,
Созақ аудандық сотының судьясы.

Балық аулау демалыстың керемет түрі, алайда қауіпсіздік ережелерін сақтамасаңыз ол өте қауіпті. Шағын көлемді кемелер немесе қайықтармен балық аулау және аң аулау алдында, қайыққа отырмас бұрын оның ескерткіші және олардың бекіткіштерінің, сонымен қатар құтқару шеңбері мен суды сарқып алу үшін ожаудың болуын қадағалап қарап алу қажет. Қайыққа отыруды аса сақтықпен жүргізу қажет. Ортасынан басып, отырғышқа бірқалыпты отыру керек. Шағын

дарының болуы тиіс. 2. Балық немесе аң аулау орнын мұқият тексеріп қарап алу. 3. Мас күйінде немесе есірткіге масайған күйде балық немесе аң аулауға қатаң тиым салынады. 4. Қайықтың жарамдығын тексеру, оны құтқару жилеті, құтқару шеңбері мен белдіктермен жабдықтау. 5. Қайықта шелектің немесе ондағы суды сыртқа шығару үшін ыңғайлы басқа да ыдыстардың болуы. 6. Балық немесе аң аулауға керекті құрал-жабдықтарды кеме бортының бойына, ал

Балық аулау кезіндегі қауіпсіздік ережелері

көлемді кемелердің немесе қайықтың бортына отыруға, бір орыннан екінші орынға ауысуға, бір қайықтан екіншісіне отыруға, қайықты шайқауға, одан суға секіруге немесе сүңгуге қатаң түрде тиым салынады. Сонымен қатар, қайықтағы адамдар жеке құтқару құралдарын (құтқару жилеттері, кеудешелері) киіп отыруы қажет. Шағын көлемді кемелер мен қайықтармен балық аулау және аң аулау кезінде сақталуы тиіс қарапайым қауіпсіздік ережелері: 1. Өзімен бірге міндетті түрде медициналық қобдиша, қолшам, жергілікті жердің картасы, өзінің орналасқан орыны туралы хабарлағыш құрал-

қалған бұйымдарды (киім, қолсәмке, чемодан) қайықтың отырғышының астына, тұмсығына немесе артқы бөлігіне жинақы орналастырыңыз. Қандайда бір төтенше жағдайға тап болсаңыз «101» немесе «112» немесе 4-25-76 нөміріне хабарласыңыз.

М.ӨСКЕН,
Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты,
С.СЕЙДАХМЕТОВ,
бөлім бастығының орынбасары.

Су айдындарында абай болыңыздар!

Мұздың қаттылығын көзбен-ақ көріп байқауға болады: егер мұздың түсі көгілдір болса – берік, ақ болса – беріктігі 2 есе аз дегенді білдіреді. Ал егер мұздың түсі ақшыл сұр, күңгірттеу болса, бұл мұздың үстімен жүру тұрмақ, маңайына жоламағаныңыз абзалырақ. Мұз үстіне қас қарайған шақта және ауарайы қолайсыз кезде (тұман, қар, жаңбыр) мүлдем шықпаңыз. Өзеннің арғы бетіне шықпақ ойыңыз болса, өткелмен өтіңіз. Бұл әлдеқайда қауіпсіз. Мұзды аяқпен теуіп, тексеруге болмайтынын ұмытпаңыз. Егер, бірінші тепкіден аз мөлшердегі су көрінсе немесе мұз бетінде аз-кем жарықшалар пайда болса, мұз жққа және оның үстімен жүруге болмайды дегенді білдіреді.

Мұздан өтерде, осыған дейінгі салынған әдеттегі ізбен жүріңіз, егер бұндай із

болмаса, айналыңызға мұқият қарап, жететін орныңызды жете біліп алыңыз. Топ болып, мұздан өтетін болсаңыздар, мұзға аса қатты салмақ түсірмеу үшін 5-6 метрдей болатын бір-біріңіздің арақашықтықтарыңызды сақтап жүріңіздер. Қатқан өзенді (көлді) шаңғымен өткен дұрыс. Есіңізде болсын: ақырын қозғалыңыз, шаңғының ілмегін білегіңізге ілмеңіз, себепі, қауіп туғанда қолыңыздан шеше алмай қалып жүресіз. Егер, сөмке асынсаңыз, тек бір жақ иығыңызға ғана асып жүріңіз. Бұл қауіп кезінде тастай салуға ыңғайлы болмақ. Бұл кезде өзіңізбен бірге 20-25 метрлік қатты арқан ала шығыңыз. Арқанның бір ұшына ауыр салмақтағы бір затты түйіншектеп байлап қойыңыз. Жаныңыздағы серігіңіз мұзға түсіп кеткен жағдайда, арқанның ауыр зат бай-

лаған жағын серігіңізге қарай лақтырыңыз. Жапа шегуші арқаннан ұстап, ауыр затты қолтығына қысып тұрсын, сіз өзіңізге қарай ақырын тартыңыз. Қыстығыні 10 см қалыңдықтағы тұзды және 15 см қалыңдықтағы тұзды мұздың үстімен жүруге болады. Егер бұл көрсеткіштен жққа болса, әсте жоламыңыз. Ата-аналарға үлкен ескерту: балаларыңызды мұзға (балық аулауға, шана не шаңғы тебуге) қараусыз жібермеңіз. Мұзға түсіп кетуге себеп болатын көп жағдай – алкогольді ішімдікті тұтынудан болады. Ондай жағдайда адам қауіптен қаша алмай қалып, қайғылы оқиға орын алуы мүмкін.

С.ТАҒАТОВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің аға орманшысы.

Сексеуілді қорғайық!

Табиғаттың басты байлығы өсімдіктер, әсіресе қоршаған қалың орманды алқапты жоғалып, жойылып кетуден қорғап, жанашырлықпен қарап көзіміздің ағы мен қарасындай сақтауымыз керек. «Бір тал кессең, он тал ек», -деген қағида баршамыздың парызымыз деп санау қажет. Орманды алқапта, сексеуіл тепе-теңдікті сақтап, қатты соққан жауылды желден, көптеген апаттардан қорғап қалады. Қыстың қақаған аязды күндерінде жабайы аң – құстарға ықтасын пана болып, жейтін азық болатын естен шығармайық. Сондықтан орманды алқаптардың құрғып кетіп, жоғалуына жол бермей, көзін жоюдан аулақ болайық.

Тойымсыздықпен, ашкөздікпен құртылған дүниенің орнына қайта келу көп жылдар еншісінде екені анық. Әсіресе орманымызды өрттен сақтау әрбірімізге зор міндет. Кенеттен болған өрт, аң құсты қыру, сексеуіл қарабарқын сынды табиғат байлықтары болашағымызға жалған қиянатмыз. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі –таза ауа екені баршамызға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп -өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз.

Ә.АЛТАЕВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орманды пайдалану инженері.

Заң талаптарын сақтайық!

Орманда өрт шығу себептерін сараптағанда, көбінесе тұрғындардың, орманда демалушы азаматтардың кінәсінен болатыны тұжырымдалған. Сондықтан өрт қауіпсіздігінің ережелерін үйрету үшін үгіт-насихат жұмыстарын тек өрт сөндіру қызметкерлері ғана емес, олармен қатар қоғамдық мекемелер де жүргізуі тиіс. Орман шаруашылығының жұмысында өрт қауіпсіздігі өте маңызды орынды алады. Әр орман шаруашылығы орманды өрттен қорғау жоспарын жасайды. Жоспарда орманның түрі, ортаның рельефі, су жолының, теміржол, автомобиль жолдарының жақындығы ескеріледі. Орман шаруашылығын түгелдей бөлімшелерге бөледі де схемаға кіргізеді. Схемада көлік жолдары, тұрғын үй пункттері, кардондар, өзен, көлдер, орман шаруашылығының кеңселері, өрт бақылайтын тұрғылар, хабар қабылдайтын пункттері, өрт шығы қауіпі бар объектілер белгіленеді. Өрт қауіпсіздігі құрлығының жоспарында орманды бақылау қызметін ұйымдастыру, өрт сөндіру-бақылау құрғыларын салу, телефон байланысының жүйесін жаңартып тұру, радиобайланыс ұйымдастыру сынды қызметтер белгіленеді.

Қ.ҚИЯҚБАЙ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.

Жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді (ӘТЖа) тағайындауға арналған өтінішті қабылдаудан

БАС ТАРТУ СЕБЕПТЕРІ:

1. Уәкілетті мемлекеттік органның ақпараттық жүйесінен ӘТЖа тағайындау, проактивті көрсетілетін қызмет арқылы оны тағайындауға өтініш беру немесе келісім беру фактілерін растайтын мәліметтердің болуы

2. Өтініш берушінің ҚР заңнамасына сәйкес құжаттардың толық емес топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынуы

3. Жеке басты куәландыратын құжат бойынша мәліметтердің ӘТЖа тағайындауға қажетті құжаттарға сәйкес келмеуі

4. ӘТЖа тағайындауға құқығының болмауы

5. Өтініш берушінің ӘТЖа тағайындау үшін талап етілетін, қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге берген келісімінің болмауы

6. Жұмыссыз ретінде тіркелген айдың алдындағы соңғы 24 айда әлеуметтік аударымдардың төленбеуі

7. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтінішінің 6 айдан кем болуы

А.КЕНЖЕБАЕВ,
Түркістан облысы бойынша «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ филиал директоры.

2023 жылғы қаңтар-қарашаға Созақ ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуы

	2023 жылғы Қаңтар-қараша	2023 жылғы қаңтар-қараша, 2022 жылғы қаңтар-қарашаға, %-бен
Әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер¹⁾		
Халық саны, адам (2023 жылғы 1 қарашаға)	63 262	100,4
Туылғандар, адам	1 293	94,8
Өлгендер, адам	285	120,7
Иммигранттар саны, мың адам (келгендер)	1 339	122,4
Эмигранттар саны, мың адам (кеткендер)	2 141	112,5
Еңбек рыногы және еңбекақы төлеу		
Қызметкерлердің тізімдік саны, мың адам 2023 жылдың III тоқсаны	18 588	103,0
Бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы, теңге 2023 жылдың III тоқсаны	430 126	111,9
Ұлттық экономика		
Негізгі капиталға инвестициялар, млн.теңге	93 943,6	187,7
Сауда		
Бөлшек сауда тауар айналымының көлемі, мың теңге	6 349 049	101,2
Көтерме сауданың жалпы көлемі, мың теңге	707 215	100,5
Экономикалық нақты сектор		
Өніркәсіп өнімінің (тауар, қызмет) көлемі, мың теңге	519 206 334	97,4
Жалпы ауыл шаруашылығы өнімінің (қызметінің) көлемі, млн. теңге	20 498,0	100,1
Құрылыс жұмыстарының көлемі, млн. теңге	14 970,4	169,1
Іске қосылған тұрғын үйлер, м ²	22 586	100,1
Қаржы жүйесі²⁾		
Кәсіпорындардың дебиторлық берешегі, млн. теңге	214 408,4	95,2
Кәсіпорындардың міндеттемелер бойынша берешегі, млн. теңге	315 867,8	194,1
Әндірілген өнім көлемі, млн. теңге	148 183,9	104,6

¹⁾ 2023 жылғы қаңтар-қарашадағы деректер

²⁾ 2023 жылғы III-тоқсандағы деректер ірі және орта кәсіпорындар мен ұйымдар бойынша

КӘСІПОРЫНДАР СТАТИСТИКАСЫ 2023 ЖЫЛҒЫ I ҚАРАШАҒА ТІРКЕЛГЕН ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАР

Меншік нысандары бойынша тіркелген заңды тұлғалар

	бірілік
	2023 жылғы I қарашадағы
Барлығы	498
мемлекеттік	104
жеке	394
Мемлекеттің қатысуымен (шетелдің қатысуынсыз)	1
Бірлескен кәсіпорындар (шетелдің қатысуынсыз)	8
шетелдік	-

Созақ АСБ

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛЕР МОНИТОРИНГ

Аудандағы шағын және орта кәсіпкерліктегі белсенді субъектілерінің саны 2023 жылдың I қарашаға 4951 бірлікті құрады.

2023 жылғы I қарашаға шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны		оның ішінде			
Жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің барлығы	ШОК заңды тұлғалары ¹⁾	дара кәсіпкерлер ²⁾		Шаруа (шаруа-фермер) қожалықтары	
2023 ¹⁾	2022	2023 ¹⁾	2022	2023 ¹⁾	2022
4 951	4 333	302	268	3 199	2 869
				1 450	1 196

¹⁾ Жедел деректер.

²⁾ Статистикалық бизнес-тіркелім деректері.

Созақ АСБ

Жарамсыз деп танылсын

Сейдулдаев Мади Лесбековичтің иелігіндегі 2002 жылы шығарылған «Toyota Camry» маркалы автокөлігінің «KZ 010 MAD/13» санды мемлекеттік тіркеу белгісі жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.



Тағылымды тәрбиені танытқан

Бала мектепте сапалы білім алуымен бірге, тәрбие негізін де бойына жинайды. Тәрбиесіз білімнің мәні болмайды. Міне мұғалімдер бірінші кезекте шәкірттерін тәрбиелі етіп шығаруға үйретіні сондықтан болса керек.

Үйде ата-анасының аялы алақанында өскен бала мектепке келіп, ұстаздарының тәрбие шуағына бөленетіні анық. Мұғалім де барын салып шәкіртіне тәлім мен тәрбиені қалыптастырып, жүрегіне білім нәрін құяды. Болашақтың білімді де тәрбиелі азаматын түлететін де мұғалімдер қауымы.

Демек ұстаздық еткен адам ешуақытта жалықпайды. Тарыдай болып сыныпқа енген шәкіртін таудай етіп білім ұясынан ұшырып, қанаттандырады. Кеше ғана мектеп табалдырығын имене аттаған оқушы үлкен өмірге қадам басады.

Құмкент ауыл әкімшілігіне қарасты Қызылкөл елді мекеніндегі Мұхтар Әуезов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесінде шәкірттерге сапалы білім берумен бірге саналы тәрбие беру қызметінде көптеген игілікті істер іске асып, жүйелі жұмыстар жасалып келеді.

Аталған білім ошағында мұғалім болып еңбек етіп келе жатқан Индира Асанханова бірінші кезекте оқушыларына тәрбие берудің маңызды екенін шынайы сезінген.

Оның жарқын мысалын ол өткізіп жүрген арнайы сабақтардан байқауға болады. Жақында жас ұстаз «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының» қызметін ұйымдастырудың сабақ кестесіне сәйкес, «Баланың бас ұстазы-атана» тақырыбында өзі жетекшілік ететін 6 сынып оқушыларының ата-аналарымен арнайы сабақ өткізді.

Арнайы сабақта ата-аналар ұл-қыздары жайлы, бала тәрбиесінің отбасында баста-

латыны туралы, сондай-ақ өсіріп отырған перзенттерінің сапалы білім, саналы тәрбиемен сусындауына ықпал жасап, заман талабына сай мұғалімдік қызмет атқарып келе жатқан ұстаздарына деген ыстық ықыластарын, алғыстарын жеткізді.

Жанұяда бала бойына егілген тәрбие негізі мектепте ұшталатындығын бас қосуға келген ата-ана Ләззат Мәди-ханова тілге тиек етті.

Индира Жексенбекқызы аталған білім ұясындағы білім мен біліктілігін бір-бірімен ұштастырған мұғалім. Ізденімпаз. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатумен бірге мектептегі түрлі іс-шараларға белсене қатысуға мұрындық болуда.

Оқушыларының сабақтан тыс уақытта әдеби кітап оқып, білімдерін тереңдетуге де бағыт-бағдар беріп отырады.

«Ұстазы жақсының, ұстамы жақсы» деген сөз бекер айтылмаса керек. Ол жетекшілік ететін сыныптың оқушылары шеттерінен өнерпаз. Білім ошағындағы мәдени шаралар олардың қатысуынсыз етпейді. Тек мектепте ғана емес ауыл жұртшылығы Индираны күнделікті өмірде ақжарқын, көпшіл, меймандос жан ретінде таниды.

Индираның өмірлік жан серігі Ернұр Қалханов та осы мектепте ұстаздық қызмет атқарып жүр. Қос педагог ұжымдастарының мақтанышы. Шәкірттерінің білімде де, жан-жақты азамат болып өсуіне күш-жігерін салып жүрген жастар. Шараға қатысқан директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Таужан Әшірбеков жақсы пікір білдірді.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп данышпан Абай айтқандай алдағы кезде де Индира талай шәкірттерін қанаттандырып, ұлағатты ұстаз атана беретініне бек сенімдіміз.

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.

Санаға нұр құйған

Аудан орталығындағы Әлия Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебінде Тәуелсіздік күні мерекесіне орай «Желтоқсан жаңғырығы», «Тәуелсіздік-тәңірдің тәтті сыйы» атты тарихи-музыкалық мерекелік шара өтті. Мерекелік шара қонағы желтоқсан ардагерлері, Созақ аудандық желтоқсан ардагерлері қоғамдық бірлестігінің төрағасы, ҚР Мәдениет саласының үздігі Мақсат Қарғабай, зейнеткер Әнуар Бабашовтар болды. Сазды бағдарлама сәтінде мектеп директоры Сәкен Шардарбеков ардагерлер мен мерекелік шараға қатысушыларды еліміздің ұлық мерекесімен құттықтады. Әлия Молдағұлова атындағы мектеп ұжымы, музыка пәні үйірмесінің жетекшісі Ақнұр



Имашова, үйірме мүшелері Қадір Бақдәулет, Әбдіраман Дініслам, Әбдраман Айзере, Тамабай Айша, домбырашылар ансамблі өз өнерлерін ортаға салды. Жел-

тоқсан ардагерлері де өз естеліктерімен бөлісті. Мектеп директоры желтоқсан ардагерлеріне мектеп ұжымы атынан сый сипатта жасап, құрмет көрсетті.

Тәуелсіздік тірегім, Қазақстан жүрегім!



16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күні мерекесіне орай аудан орталығындағы Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Дүйсембекова Нұргүлдің ұйымдас-

тыруымен 15 желтоқсан күні 2 “в” сынып оқушыларына “Тәуелсіздік тірегім, Қазақстан жүрегім” тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді. Аталған сабақта оқушылар Қазақстанның осы жылдар ішіндегі қол жеткізген жетістіктерімен танысып, еліміздің тәуелсіздік алу жолындағы бабаларымыздың ерлігін естіп, тәңті болды. Тәуелсіздік күніне орай оқушылар өз өнерлерін, білімдерін көрермен назарына ұсынды.

Тәрбие сағатының соңында ата-аналар комитетінің атынан Тастанбекова Тұрғанай, Асқарбаева Сәлуаш апайларымыз құттықтау сөз сөйлеп, бала-ларға, сынып жетекшісіне алғыстарын білдірді.

«Созақ үні»-ақпарат.

Жаратылыстану пәнінен өткен апталық

Мектебімізде жаратылыстану пәнін оқыту барысында, оқушылардың ойлау дағдыларын, танымдық көзқарасын және пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында 4-11 желтоқсан аралығында осы пән бойынша апталық өткізілді.

Бастауыш сыныптар арасында болған шарада хабарлама жасау, безендіру жұмыстарына 4 сынып мұғалімдері Н.Аяжанова, Ү.Ибрагимова, Ұ.Байкенова, А.Аманбаева, М.Құрманбетова белсене үлес қосты. «Әлемде талай қызық бар» айдары аясында фотокөрме ұйымдастырылып, оған 2 сынып оқушылары (жетекшілері Қ.Смағұлова, А.Өтембаева) белсенділік танытты.

Келесі «Жаратылыстану ғажайыптары» сайыс сабағында 3 сыныптың оқушылары (жетекшісі А.Сүлейменова) топты жарды.



«Тәжірибе таным көзі» Тәжірибе жұмыстарын жасаудан 4 сынып оқушылары (жетекшілері М.Құлманбетова, А.Жұбанова) алға шықты.

«Экоөнертапқыш» көрме айдары бойынша МАД 1-4

сыныптар (жетекшілері Д.Алжанова, А.Асауова) үздік өнер көрсетті.

Апталықтың соңында өткізілген шара қорытындыланып, марапаттау рәсімі (жетекшісі Н.Аяжанова) болды. Жеңімпаздар арнайы марапаттарға ие болды.

Пән әдіс бірлестігінің жетекшісі Н.Аяжанова апталықтың ұйымдастырылуына ыйытқы болып, осындай іс-шараларды алдағы уақытта да жиі өткізіп тұратындығын жеткізді.

А.Байтұрсынов атындағы жалпы білім беретін мектептің бастауыш сыныптар арасында тағы да көптеген апталықтар өткізу жоспарлануда.

Жақсы істер жалғасын таба беретін болады.

Мария ҚҰЛМАНБЕТОВА,
Бастауыш сынып мұғалімі.

Сенімгерлік басқарушы:

«Agro-sozak» ЖШС

Меншік иесі-

«Созақ үні» газеті редакциясы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай

Редакция құрамы:
Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асқан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Багила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Күрмаш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады

Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3500 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.